

**8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру
бағдарламасы бойынша PhD докторант
Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның**

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді
құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы
диссертациясының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау

Зерттеу мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің міндеттері:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- цифрлық білімнің трансформациялануында оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктерін анықтау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жұмыстары арқылы тексеру және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері: теориялық (психологиялық, педагогикалық және ғылыми-теориялық әдебиеттерді, жоғары оқу орындарының тәжірибесін, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттаманы талдау, жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); эмпирикалық - сауалнама, бақылау, педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері); математикалық-статистикалық - алынған деректерді өңдеу, эксперимент нәтижелерін талдау және графикалық түрде көрсету, сараптамалық бағалау.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. «Оқытудың интербелсенді құралдары – субъектілердің ақпараттық ортада белсенді өзара бірлікті қамтамасыз етуге, оқытуда кері байланыс жасап, танымдық белсенділікті дамытуға, бірлескен интербелсенді әрекеттерді ұйымдастыруға және орындауға, алған білімін визуализациялауға, оны тәжірибелік тұрғыда түсінуге әлеуеті жоғары ресурстар жүйесі» және «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау – ЖОО жағдайында білім алушылардың оқытудың

интербелсенді құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде мақсатты, тиімді әрі қауіпсіз қолдануға деген теориялық білімдерін, әдістемелік біліктерін, цифрлық құзыреттіліктерін, кәсіби даярлықтарын, сондай-ақ рефлексивтілігін негіздеуге бағытталған педагогикалық үдеріс» деп нақтыланды. Аталған педагогикалық үдерісі жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғалық-бағдарлы, ақпараттық және коммуникативтік тұғырлар бірлігінде қарастырылып, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауды талап етеді;

2. Цифрлық білімнің трансформациялануында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ерекшеліктері: цифрлық технологияларды кәсіби пәндерге кіріктіру; цифрлық педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру; цифрлық білім беру ортасын жобалау; мұғалім рөлінің өзгеруі және цифрландыру жағдайында мұғалім ақпараттық кеңістікте тьютор және навигатор рөлін атқарады; даярлаудың практикалық бағыттылығы; қазіргі даярлықтың ерекшелігі – педагогикалық практиканы цифрлық технологияларды қолдана отырып өткізу, онлайн-сабақтарды модельдеу, цифрлық білім беру жобаларын әзірлеу, вебинарлар мен онлайн-конференцияларға қатысу;

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың тиімділігі арнайы педагогикалық шарттарды кешенді түрде жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Олар: ұйымдастырушылық-педагогикалық, дидактикалық, психологиялық-педагогикалық, материалдық-технологиялық шарттар болып табылады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, танымдық, операциялық-рефлексивтік компоненттердің өзара байланысын қамтиды, олардың өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалып, даярлық деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау арнайы әзірленген әдістеме негізінде жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, нәтижесінде ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- цифрлық білімнің трансформациялануында оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктері анықталды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жұмыстары арқылы тексерілді және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

– *бірінші нәтиже жаңа.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

– *екінші нәтиже жаңа.* Цифрлық білімнің трансформациялануында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ерекшеліктері анықталды;

– *үшінші нәтиже жаңа.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалды;

– *төртінші нәтиже жаңа.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

– *бесінші нәтиже жаңа.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жұмыстары арқылы тексерілді және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

– «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану»

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралы дайындалып тәжірибеге енгізілді (29.11.2024 ж. №4 хаттама), ISBN 978-601-216-982-9;

– ЭЕМ-ге арналған бағдарлама: «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану», – Талдықорған, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – 2024. – 142 бет;

– Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық, – Талдықорған. – 2024. – 29 бет.

– Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәліктер алынды:

1) Авторлық куәлік: «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану». Республикалық. №52558. 11.12. 2024;

2) Авторлық куәлік: ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану». Республикалық. №65715. 23.12. 2025;

– «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» атты элективті курстың оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, 2023–2024 оқу жылының 6В01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына енгізілді және оқу үдерісінде сынақтан өткізілді. Зерттеу нәтижелерін педагог мамандарын даярлайтын жоғары және орта кәсіби білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің

біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен толық сәйкес келеді. Аталған құжаттарда айқындалған педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру, цифрлық білім беру ортасында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, білім беру үдерісіне заманауи интербелсенді және цифрлық құралдарды тиімді кіріктіру міндеттерімен тікелей сабақтасады. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарына толық сәйкес келеді.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Зерттеу нәтижелері негізінде 17 ғылыми еңбек жарияланды.

Зерттеу барысында 17 еңбек жарық көрді.

1) Fostering Pre-Service Primary Teachers' Capacity to Employ an Interactive Learning Tool: Qubahan Academic Journal. 5, 1 (Mar. 2025), 662–673. DOI:<https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1530>.<https://journal.qubahan.com/index.php/qaj/article/view/1530> (Қосалқы авторлар: Gulnar Zholtaeva – 10%, Gulnar Tazhinova – 5%, Gulnara Syrlybayeva – 5%, Raushan Assylova – 5%).

2) ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала жарияланды:

1) Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану. – Ясауи университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. №1 (131), 2024. - 449-463 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар: Асылова Р.О. – 5%, Абдуллина Г.Т. – 5%).

2) Привлечение учителей начальных классов к использованию интерактивных средств обучения. – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (73) 2024. - 177-190 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 85%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар: Тажинова Г.А. – 5%, Асылова Р.О. – 5%, Кабдрахманова Г.С. – 5%).

3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың алғышарттары. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 147 №2 (2024) – 200-218 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 85%-ды құрайды (Қосалқы авторлар: Г.Н. Жолтаева – 10%, Г.А. Тажинова – 5%).

4) Развитие у будущих учителей начального образования цифровых компетенций посредством интерактивных средств обучения. - Известия. Серия: Педагогические науки. – 2025. – Т. 78. – №. 3. С.- 346-374. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды (Қосалқы авторлар: Г.Н. Жолтаева – 10%, Г.Т. Абдуллина – 5%, Р.О. Асылова – 5%).

3. Оқу құралы:

1) Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану. – Талдықорған, 2024. – 142 б. Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. (Қосалқы автор: Жолтаева Г.Н. - 20%)

2) ЭЕМ-ге арналған бағдарлама: «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану». Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, - 2025. ЭЕМ-ге арналған бағдарлама бойынша докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. (Қосалқы автор: Жолтаева Г.Н. - 20%)

3) Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық, – Талдықорған. – 2024. – 29 бет.

4. Авторлық куәліктер:

1) «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану». Республикалық. №52558. 11.12. 2024. Докторанттың үлесі 85%-ды құрайды. (Қосалқы автор Жолтаева Г.Н. - 15%)

2) ЭЕМ-ге арналған бағдарлама: Авторлық куәлік. «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану». Республикалық. №65715. 23.12. 2025. Докторанттың үлесі 85%-ды құрайды. (Қосалқы автор Жолтаева Г.Н. - 15%)

5. Шет елдік және отандық басылымдарында 10 мақала жарық көрді:

1) Қазіргі мектепте интербелсенді құралдар арқылы медиа-білім беру. – «Жаһандық ғылым және инновация: Орталық Азия» ғылыми-тәжірибелік журнал, XVIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Астана қ, 10-15 сәуір. - 2023. - 12-15 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 95%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Тажинова – 5%).

2) Виды и содержание интерактивных и дидактических средств используемых в начальных школах: «Проблемы и перспективы развития современной науки в странах Евразии» IX Международная научно-практическая интернет-конференция, г. Переяслав-Хмельницкий, Киевская обл, Украина. 31 октября. - 2023. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 95%-ды құрайды (Қосалқы автор А. Тажинова – 5%).

3) Интербелсенді платформалар және олардың оқытуды ұйымдастырудағы мүмкіндіктері: Инновациялық технологиялар, қашықтықтан оқыту мәселелері және қазіргі білім беруді дамытудың перспективалары III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Шымкент қ. 15-16 ақпан, - 2024. 89-93 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева – 10%).

4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі: «Қазіргі педагогикалық білім беруді дамытудың өзекті тенденциялары мен стратегиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік

Қазақстан университеті, Петропавл қ. – 2024. - 161-165 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева – 10%).

5) Бастауыш мектепте қолданылатын интербелсенді және дидактикалық құралдардың түрлері мен мазмұны. «INN & SCIENCE ASIA» ғылыми-білім беру орталығының «Білім беру, ғылым және технологиялардың қазіргі таңдағы мәселелері» III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Өскемен қ. - 2024. - 9-15 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

6) Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамытуда интербелсенді оқыту әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары. Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция: - Астана, «БиКА» баспасы, 2025. – Б. 425-429. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 95%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Т. Сырлыбаева – 5%).

7) Жоғары оқу орындарында оқытудың интербелсенді құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктері. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы, - 2022. - № 4 (105). – 11-15 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева – 10%).

8) Методические особенности использования интерактивных средств в образовательном процессе. «Актуальные проблемы науки и образования материалы» Международного форума, посвященного 300-летию Российской академии наук. Том Часть 2. Екатеринбург, 2023. С. - 406-412. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 95%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.А. Тажинова – 5%).

9) Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолданудың әдістемелік аспектілері. Norwegian Journal of Development of the International Science, т. 148, Norwegian Journal of development of the International Science, 2025. 74-79 pp. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева – 10%).

10) Оқыту үдерісінде білім берудің тиімділігін арттырудағы интербелсенді құралдардың орны. Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time Materials of the X International Scientific-Practical Conference. Marseille (France), February 5-7, 2025. – 218-225 pp. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева – 10%).